

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

|                                     |   |
|-------------------------------------|---|
| <i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз ..... | 3 |
| Құттықтаулар .....                  | 5 |

### Пленарлық баяндамалар

|   |    |
|---|----|
| <i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....  | 15 |
| <i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....  | 31 |
| <i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....            | 39 |
| <i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....   | 44 |
| <i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....                | 55 |
| <i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....                    | 61 |
| <i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....           | 65 |
| <i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....        | 72 |
| <i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....  | 77 |
| <i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы ..... | 83 |
| <i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....                                 | 86 |
| <i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....   | 90 |

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

|   |     |
|---|-----|
| <i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...  | 97  |
| <i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....   | 104 |
| <i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....  | 109 |
| <i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) ..... | 114 |
| <i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....   | 126 |
| <i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....  | 129 |
| <i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....  | 133 |
| <i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....  | 138 |
| <i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....   | 143 |
| <i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру ..... | 147 |
| <i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....   | 152 |
| <i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....   | 161 |

|  |     |
|--|-----|
| <i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері ..... | 164 |
| <i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....  | 172 |

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

|  |     |
|--|-----|
| <i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....               | 180 |
| <i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....  | 185 |
| <i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....   | 195 |
| <i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....  | 198 |
| <i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....   | 202 |
| <i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....   | 206 |
| <i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде)..... | 221 |
| <i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....   | 227 |
| <i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....  | 235 |
| <i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) ..... | 241 |
| <i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....   | 245 |
| <i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....  | 251 |

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

|  |     |
|--|-----|
| <i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) ..... | 255 |
| <i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....                   | 263 |
| <i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....               | 269 |
| <i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....      | 275 |

|   |     |
|---|-----|
| <i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i> | 278 |
| <i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>   | 285 |
| <i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>  | 291 |
| <i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>   | 299 |
| <i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>  | 306 |
| <i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>   | 310 |
| <i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>  | 314 |
| <i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>                    | 320 |
| <i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>  | 333 |
| <i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>  | 339 |
| <i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>   | 343 |
| <i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>   | 349 |
| <i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>   | 356 |
| <i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>  | 359 |
| <i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>   | 366 |

## М. МАҒАУИННИҢ «МЕН» МЕМУАРЛЫҚ РОМАНЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

З.Т. ГАЛЫМЖАНОВА

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті  
кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан  
(E-mail: zaure.galymzhanova@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Мен» мемуарлық романы талданады. Шығармадағы жазушы ғұмырымен сабақтасқан халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен фольклорлық элементтер көрінісі жан-жақты қарастырылады. Романдағы аңыз-әңгімелер, шежірелік деректер, мақал-мәтелдер, жыраулар толғауы, ертегілік қиял мен ғұрыптық фольклор белгілері нақты мысалдармен беріледі.

Зерттеу барысында мәтіндегі сюжеттік-тұрмыстық дәстүрлер, ауызекі сөйлеудің түрлері, фольклорлық мотивтердің интертекстуалдық қатынасы мен жинақтаушылық ұстанымы сипатталады. Теориялық негізіне нарратология мен фольклордың классикалық қағидалары қолданылады.

Нәтижесінде «Мен» мемуары автордың тек жазушы ғана емес, ауыз әдебиетінің жинақтаушы-сақтаушысы, халықтық сюжеттерді қайта өңдеуші және фольклорды академиялық-этикалық тұрғыдан бағалаушы тұлға екені көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Мемуарлық роман, фольклор, ұлттық жад, шежіре, жыраулар мұрасы

**Abstract.** The article analyzes Mukhtar Magauin's memoir novel "I." The work comprehensively examines samples of folk oral literature and folklore elements associated with the life of the writer. The novel presents legends, genealogical data, proverbs, narratives, fairy-tale fantasies and symbols of ritual folklore using specific examples.

During the study, plot-everyday traditions in the text, types of oral speech, intertextual attitude and generalizing position of folklore motifs are described. The theoretical basis uses the classical principles of narratology and folklore.

As a result, the memoirs "I" show that the author is not only a writer, but also a collector-keeper of oral literature, a processor of folk subjects and an academic and ethical appraiser of folklore.

**Keywords:** memoir novel, folklore, national memory, genealogy, zhyrau heritage

Кіріспе

Қазақ әдебиетіндегі мемуар жанры тарихи оқиғаларды, рухани-мәдени болмысты жеке тұлғаның көзімен көрсетуге ерекше мүмкіндік беретін деректі-көркемдік формада қалыптасты. Бұл жанрдың көрнекті үлгілерінің бірі – Мұхтар Мағауиннің «Мен» мемуарлық романы. Автордың өмірі, шығармашылық жолы

және қоғамдық-саяси көзқарастары туралы терең ой толғаныстарынан тұратын көлемді туынды ұлттық тарих пен халықтық жадты жаңғыртуға бағытталған «Шытырман» және «Қия жолдар» атты екі кітаптан тұрады. Жазушының өзі туындысында атап көрсеткеніндей, «Шытырман. Яғни, менің еншілі өмірім мен таңбалы жазуым. Бастан өткен ғұмырдың көңілдегі суреті. Қаламға ілінген жазудың жүректегі жүгі. Тұтас ғұмыр емес, бедерлі белестер ғана. Бар жазу емес, дертті толғаныстар ғана. Өмір – арқау, жазу – өрмек. Екеуінің тұмысы бір – Менің өзім. Мен. Мен... Кіммін?» бұл шығармасы ғұмырбаяндық өмір жолын толық қамти алмайды, тек қалам тартқан жылдардағы көрген-білгенін, жазу-сызудың машақатын, яғни, өзінің жүріп өткен жолы турасында оқырманымен ой бөлісуі ғана еді [1, 4].

Мағауиннің бұл еңбегі әдеби ортада жаңа құбылыс ретінде бағаланып, сыншылар тарапынан жоғары пікірлерге ие болды. Әсіресе романдағы фольклорлық элементтердің молдығы жазушының ғалым ретіндегі болмысымен сабақтасып, туындыға ерекше ұлттық сипат берді.

Мұрағаттық-тарихи сипатқа тән көптеген мемуарлар мен естеліктерде автордың өз кезеңін дерек ретінде ұсынуы жиі кездеседі. Дегенмен кей жазушылар үшін естеліктің мәні тек жеке өмір бейнесінен асып, халықтық жад пен мәдени жүйені сақтаушы және жүйелеуші қызмет атқарады. Мұндай рөлдің айқын көрінісін М. Мағауиннің «Мен» мемуарында көруге болады. Бұл мақалада біз «Мен» мәтінін фольклортану тұрғысынан талдап, автордың фольклорист ретіндегі функцияларын анықтаймыз: (1) дерек жинаушы, (2) ауызекі дәстүрді мәтінге айналдырушы, (3) фольклорлық мотивтерді әдеби жаратылымға айналдырушы, (4) фольклорға ғылыми-әдеби баға беруші.

Теориялық база және әдіснамалық негіз

Зерттеу нарратологиялық және фольклортану көзқарастарын біріктіреді. Теориялық бағдар ретінде қолданылды: фольклордың құрылымдық-формалдық талдауы (сюжет-мотивтер, фольклорлық типология), ауызекілік пен жазба арасындағы қатынас, және автор-жинаушының рөлі (жинақтау, жүйелеу, қалпына келтіру).

Әдіс ретінде мәтіндік талдау, мотивті-функционалдық талдау, контекстуалдық интерпретация қолданылды. Зерттеу барысында мемуардан алынған мысалдар жанрлық, лексикалық-стилистік деңгейлерде қарастырылды.

Талқылау

Мұхтар Мағауиннің «Мен» мемуарлық романы тарихи роман немесе дайын эпостық жыр емес, әйтсе де жазушының ұлттық сананы ояту және қазақ болмысын көрсетудегі мақсаты романның ішкі құрылымына фольклорлық элементтерді енгізуге негіз болған. Аталған көрініс тікелей сюжеттік ендірімелер емес, стильдік, концептуалдық және дүниетанымдық деңгейде көрінеді. Жазушының өмірлік миссиясын ғалым Т. Жұртбай былай деп айқындап берген: «Тәңірі тілегіне жеткізді. Мұхтардың өзі ғана мұратына жеткен жоқ, ұлтын да, ата-бабасын да, бақытын да биікке көтерді. Абай әкесі Құнанбай туралы естелік айта келіп: «Аталарымыз не деген қасиетті әрі ұлы еді. Біз айтатын сөз қалдырмапты ғой», – деп сөзін өкіне қорытқан екен. Егер де Мұхтар Мағауин

«Қобыз сарыны» мен «Алдаспан» арқылы «бес ғасырды жырлатпаса», «мұрты көкке шаншылып, бұрын сөйлеген», «Кетбұғадай билермен кеңес құруды армандаған» Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтанберді, Жиембет, Күдері, Марғасқа, Үмбетей, Тәттіқара, Шал, Бұқар жыраулардың мұрасын тірілтпесе: «Е, Абай атамыз бұл сөзді жай көңіл үшін айтқан екен-ау», – дер едік. Бүгін өзінше бір еркіндік жырына айналған және түркі тектес жұрттардың ішінде тек қазақ пен ноғайда ғана бар жыраулар әлемінен мақұрым қаларымыз хақ» [2, 196].

Жазушы-ғалым М. Мағауин жоғарыда санамаланған құнды еңбектерді қалай, қай кезде, қандай жанкештілікпен жазғанына «Менді» оқыған жанның көзі жетіп, көңілге көп нәрсе түйері хақ. Бұл жерде жазушының ғылымға адалдығы, өмірде алдына үлкен мұрат қойып, соған жетуге әрқилы жол іздегені баяндалады. «Адамға рас, Аллаға анық – сол ұлы жыраулардың қайтадан тірілуі біздің азап–бейнетіміздің арқасында ғана мүмкін болды. Ұмытылғандарды еске түсірдік, есімі көмескілерді қайта жаңғырттық, бір өлең, жарым өлеңнен тірнектеп құрадық, ғылыми–текстологиялық екшеуден өткіздік, сөйтіп, тұтас бір дәуірдің әдебиетін нұсқаладық, сол әдебиеттің деректі негіздерін айқындап, мән–мағынасын белгіледік, нәтижесінде, ұлт тарихындағы төрт ғасыр – Қазақ Ордасы заманындағы әдебиет мүмкін болған дәрежесінде қалпына келтірілді. Осының бәрі «Қобыз сарыны», «Алдаспан» деген кітаптар негіздеп, жүзеге асырған іс. Есер, есірік болмаса, аз – маз сауаты бар әдебиетшінің ешқайсысы бұған күмән айта алмайды.

Ғылым – бейнеті көп, өнімі аз шаруа. Мен бейнет көрдім демеймін, өнімсіз қалдым деп те шағынбаймын. Қалап алған істің азабы болмайды. Бірақ өте көп уақытым кетті. Таза проза жазатын алтын сағаттар», – деп ағынан жарылды [1, 69].

Жастайынан ғылыми ортада шыңдалып, рухани күресте піскен, қабырғасы қатайған жазушы өмірлік жолы мен шығармашылық ізденісі, кеңес идеологиясымен күресі жайындағы мемуарлық романында қазақ руханиятының тағдыры, жоғалуға шақ қалған фольклор, ұлттық болмыс мәселелері көтеріледі. Автор өз ұлтының жоғын жоқтап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге тырысады. Мағауиннің әдебиеттанушы, зерттеуші ретіндегі еңбегі, әсіресе жыраулық дәстүр, фольклорлық мұра туралы ойлары – бүгінгі ғылым үшін де құнды.

Роман көркем тілімен, ішкі монологтарымен, философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Бұл мемуар мен көркем әдебиеттің біріктірілген формасы, жанрлық тұрғыдан жаңашыл туынды.

«Мен» мемуарлық романының мәтіндегі ауызекі стиль мен нақыл формалары – фольклорлық тіл сипаты деген уәжді алға тартып, оны ауызекі сөйлеу интонациясы, мақал-мәтелдер, диалогтар мен халықтық нақылдардың жиі қайталануымен дәлелдей түсейік. Мұндай формалар әдеби мәтінде фольклорлық әсердің және ауызша дәстүрдің сақталуының белгісі болып табылады. Мысалы, «Дәтке қуат бір сөз – «Жылан­ның үш кесе де кесірткелік халі бар» – депті қазақ. Өмірде солай шығар, өнерде өлшем – кесіртке емес.

Жылан – яғни әуелгі қалпыңыз. Тым құрса жарты кесімге ұмтылыңыз. Мүмкін бүтінге жақындарсыз. Қазақтың: «Үмітсіз – шайтан», дегені тағы бар. Сол үмітпен жарты болмаса да, үшек қуатымыз қалғанына сеніп, қайтадан қалам ұстадық. Ол қалам нәр тауып, күш алуы үшін өзіміз қырық жыл бойы қабырғасын тұрғызған көне сарайға үнілеміз» [1, 14], – деп адамның жан дүниесіндегі ең маңызды нәрсе – үміттің өшпеуі, қолға алған жұмысты жеріне жеткізу қажеттілігін ұғындыруға мақал-мәтелді орынды қолдана білген.

Қазақ тарихы, ұлттық құндылықтар жайлы ой елегінде «Бұл арада да алу, иелену туралы әңгіме болуға тиіс емес. «Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс» – деген қағида үстіне, қазақ тарихы орта дәрежедегі үш–төрт жазушы емес, әлемдік деңгейдегі отыз–қырық жазушы жабыла жазса түгесіліп бітпейтін дария тақырып», – деп ой түйеді [1, 39].

Жоғарыда атап өткеніміздей жазушы ғұмыры қыспақ пен қиындықты, тұрмыстық ауыртпалықтарды бір кісідей басынан өткерді. Сол жолда қол ұшын созған жандар да табылды.

«Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көр», – демекші мен қол аяғым жерге тимей кетуге тиіс едім. Ата-анаң кемтар, ауылда туыс жоқ, мұнда еңбекақы немесе басқадай қаржы төленбейді екен, шиттей үш бала мен келіншегің қалай күн көрмек? Екі жыл – өте ұзақ уақыт, жазу қайда, жан сақтауың қалай болмақ? Қайтып ораласың ба, әлде «кездейсоқ» бірдеңе тағы әзір тұр ма? Жағдай өте қиын еді, – деп сырын ашса, «Мен де кететін едім, бірақ «Жыртық үйдің құдайы бар», – дегендей, арашашым ақылдырақ болып шықты. Мен дірдек қағып, жалаңаш-жалпы қалыпта әскери–медициналық комиссиядан өтіп жатқанымда Ілияс аға Есенберлин бұл пәленің амалын ойластырып, апта бойы аласұрды. Ақыры тапты. Амал емес, кісі», – деп халық ауыз әдебиеті үлгісі арқылы ой сабақтайды [1, 55].

Мемуарлық романда мұндай мысалдар өте көп, мақал-мәтелдер мәтінді бейнелі, әсерлі етеді, оқырманға терең ой қалдырады. Жазушының халық даналығына сүйенуі ұлттық болмысты, дүниетанымды көрсетеді. Ой-пікірін тұспалдап, тереңірек жеткізеді және сол дәуірдің рухы, өмір салты, моральдық ұстанымдарын да байқатады.

Шығармадан мотивтер мен сюжеттік үлгілердің фольклорланған құрылымын көруге болады. Тағдыр, ата-баба естелігі, ескілікті жоралғылар, батырлар мен халықтық кейіпкерлер туралы әңгімелер кездеседі; олар халықтық жадтағы типтік мотивтерге (кетіру/қайтару, өсиет/сабақ, сынақ/қайсарлық) сәйкес келеді. Жазушының жинақтаушылық (этнографиялық) ұстанымы фольклористік әрекетін айқындайды.

«Жазда мен туған нүкте – бес атамның сүйегі жатқан бәсіре мекеніміз Көпбейітке – осыдан тура бір ғасыр және үш жыл бұрын менің бабам Құрымбайдың арнайы шақыруымен жаз жайлауға ұлы Абай келіп қонған, атақты «Жаз» өлеңін шығарған, ерен ой, тың тыныс тапқан, біздің шаңыраққа батасын берген, қазір мен көрген кездің өзімен салыстырғанда біршама тозса да сынынан айрылмаған қасиетті жұртыма алып бардым. Қалың тоғайлы өзен, екі өңірі көк

шалғын, қырат беті қау көде. Арғы қабақ – қаптаған тас бейіт, бергі қабақ – біздің қыстау. Міне, мынау – атаңның қыстауы дедім...

Аруақтарға құран бағыштаған соң, Бақанас өзенін қос бүйірден қыса келе, шатқалға айналатын, Қос Босаға аталатын екі биікке де шықтық. Қай тастың қалай жатқанына дейін білем. Қай таста, қай түкпірде қандай белгілері бар – ол да мен ашқан құпия. Міне, мынау – киік, мынау – таутеке, арқар. Құлан. Мынау – жолбарыс, ал мынау алтын бұғы. Анау – ешбір хатқа түспеген түсініксіз таңбалар. Тағы бір тұста – анау сау ішінде ешбір ғылым білмеген, өзгеше бедерлі, бес–алты жол көне жазу тұр, мен қайыра көрмегелі...отыз бес...отыз сегіз жыл, қоян аулап жүргенде тауып едім, мен бұрын айттым ба, он жасымнан мылтық аттым, сонда кездойсоқ үстінен түсіп едім, кейін ескілікті таныған, ересек кезімде бар алмай–ақ қойдым, бұл жолы да бара алмаспыз...Мынау – қоршалып аң аулау көрінісі. Мынау – садақа, мынау – атты аламан. Тағы бір жалпақ жартаста қос ат жеккен әскери арба бар. Міне! Біреу емес, екеу. Жарым дүниеге өктімдік жүргізілген тоқсан тоғызыншы бабаңның ерлік шежіресі. Менің қасыретімнің куәсі. Осы жерде көп отыратын едім, қайғыланып, мұңданып отыратын едім, талай рет жылаған да шығармын...

«Балам – дедім, – үлкен жігіт боласың, сол кезде осылай ұлыңды алып кел, айт, көрсет... Мүмкін мен баяғы он бір – он екі жастағы кейпімде алдарыңнан шығармын...» – дедім... Сірә, менің жазушылық жолым осы тас таңбалардан басталған болар. Батыр бабам бұдан үш мың жыл бұрын ерлік жырын тасқа қашаған, күні кеше ғана Абай атам терең ойға батқан, Міржақып әкем дөңбекшіп ұйықтаға топырақта туған Мен – Мен болуға тиіс едім, басқаша кесім жоқ-ты [1, 21].

Мұндай мотивтерді Мағауин тек көркемдік декорация ретінде қолданбай, оларды өмірде куә болған әлеуметтік-мәдени құбылыстарды түсіндіру үшін пайдаланады. Бұл – фольклорлық материалды жинап, оны әдеби қайта өндіруге тән тәсіл.

«Жазбада өмірде нақты болған басқа бір жесір дауының ұшығы көрінеді. Ол – таласушы жоқ, бірақ қайын жұртына кінәлі болып қалған қыздың әлегі. Бұл арада да осы тұста етек жайған алауыздық көрініс береді: Кеңгірбай би мен қырбай Ер Жәнібек қайткенде де Тобықтының намысына тимек болады, күйеу жігіт – керек Дулат батырды қалыңдығы Ызғырық отырған үлкен үйдің босағасын шабуға жұмсайды. Намыс жетелеп, аға желкелеген Дулат батыр Қабекеңнің батасынан бас тартып (ұрпағының өспей қалғаны содан дейтін еді біздің ақсақал – менің үлкен әкем Мағауия), қанжармен қыз әкесінің босағасына керткі таңба түсіреді. Өре аттаған Тобықты жігіттеріне Кеңгірбай тоқтау айтыпты, «Ердің ісі оң!» – деп, соңынан қуғызбапты. Бұл – ескілік мінезін аңғартатын бір ғана көрініс» [1, 36].

Мемуарда автордың өз естеліктерін, ауылдағы әңгімелерді, жыр-жырлауларды, халықтық салт-дәстүрлерді сипаттауы, оларды жүйеге келтіріп көрсетуге бейімділігі байқалады. Автор кейде нақты адамдарды, оқиғаларды көрсетіп, «осылай айтылады», «осынша әңгімеленген» деген синтаксистік тіркестерді қолданады.

«Ескі болса да, бүгінгі қаламгер үшін өзгеше тұрпатты проза тілі – қазақ халық әдебиеті нұсқаларында. Ежелгі жырлардағы сөз қолданысы, сөйлем құрылымын жіктемеген күннің өзінде, эпостағы прозаның сыр– сыпаты, кәдімгі ертегілердің тілі, ежелгі сөз өнеріне қатысты мұралар, тіпті, ертерек қағазға түскен, солай болыпты деген қарапайым әңгіме, деректер – көркем жазудың біз айрылып қалған соны–сонар үлгілері болып табылады. Қазір бұл тараптағы мұраның біразы жарыққа шықты, бірақ баспаға әзірлену үстінде ерекше сыпатты сөз қолданысы, қайталанбас бояу–нақыштар, кейін ұмытылған табиғи тіркестер түгел “түзеліп”, қырқылып, үйреншікті, жұпыны қалыпқа түсіріліп жарияланып жатыр» – деп әлі күнге өзектілігін жоғалтпаған кесек ой тастайды [1, 172].

Шын мәнінде М.Мағауин эпостық мұраны зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің бай, көне дәстүрге сүйенетінін дәлелдей алды. Бұл – қазақ мәдениетін әлемдік деңгейге жеткізуге, мойындатуға жасалған қадам еді.

«Алп–алп басқан, алп басқан, – Арабы торым өзіңсің. – Жазылы, алтын, қол кескен, – Алдаспаным өзіңсің!...». Бір сәт менің демім бітіп қалғандай болды. Содан соң жүрекке нұр құйылды. Жер әлем жарқырап ашылды. Ақ тұман, шапақ сәуле ішінде ары қарай жылжыдым. Аяқ басқан сайын бұл дүниенің шегінен алыстап, арсы мен күрсіге бой таластым. Күн күркіреді, найзағай жарқырады, нөсер жауды. Жарқылдаған қылыш, кіршілдеген найза, қаржысқан қарулардың дыбысы естілді. Сел тасқын қаптады. Қалықтай шалқып, неше ғасырлық тарих шеруі – ерлік, мәрттік, серпіліс, қантөгіс, сенім, байсал, барақаттан соң қара жерге қайта түстім. Толғауды тәмамдап қалыппын. Жас жігіт, талапкер аспирант көне кітаптардың хош иісі жайлаған ескі бөлмеде, тозған стол басында, жападан–жалғыз отыр екен. Жалғыз мен емес екем. Мың сан аруақ елесі маған қарап тұр. Толғауды аяқтадым. Тәуба! Қазақтың ежелгі, ұлы әдебиетінің сырлы қақпасы ашылды. Арманыма жеттім, мұратымды таптым.

Ендігісі – уақыт үлесінде ғана. Ақырына дейін мен атқаратыныма күмән болған жоқ. Толғауды тағы бір шолып шықтым. «Еділден аққан сызашық, – Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді...». Көкірегіме күш құйылды. Қайтпас қайрат, мұқалмас қажыр. Аруақтың қонғанын айқын сезіндім. Кенет аспаннан ақ күміс жауды. Төбемнен төмен саудырап жатыр. «Қара бас құспен шалдырып, – Көк теңіздің үстінде, – Көтеріп желкен аштырып, – Жүк тиедің кемеге, – Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге...» Мен де ниет етіп едім, ұлысымның ұлы мұрасын танып-білмекке. Артындық, тартындық, аруаққа сыйындық. Енді, міне, Көк желкенім көтерілді! «Жүк тиесең – кетерсің, – Ниет етсең – жетерсің, – Жетсең – тауап етерсің!». Ниет еттім, жел онынан тұрды, жетем! Кешегі қайтпас қазақтың бір баласы жетуге керек еді. Мен жетем! «...Кімге асмар етерсің?» Маған! Маған асмар еткен ата–бабам осы ұлы мұраны. Мен жарыққа шығарсын, халқының игілігіне жаратсын деген! Әлемге әйгілесін деген!» [1, 257].

Берілген мысалдар – автордың «жинақтаушы» рөлін білдіреді; ол ақпаратты бір реттілікке келтіріп, оқырманға ұсына білді. Бұл дәл фольклористикалық жинақтаудың негізгі сипаттамасы: ауызша айтып жеткізілген деректі жазбаша формаға көшіріп, оны зерттеушілік тұрғыда көрсету.

Атақты жазушының асқаралы арманы, алға қойған мақсаты да осы болатын, саналы ғұмырында сан тараулы белестен өтіп, адами мұратына қол жеткізген армансыз жазушы болғаны да ақиқат.

«Мұхтар Мағауин жыраулар поэзиясын негіз етіп алған «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты еңбегінде (Ана тілі, 1992) жыраулар поэзиясының ұлттық құндылықтардан да жоғары көтеріліп, «XV–XVIII ғасыр шегіндегі бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұраға» айналғанын паш етті. Өйткені, шын мәнінде жыраулар поэзиясы жалпыадамзаттық ізгіліктерді көксеген адамдық биік парасаттың шынайы үлгілері болды. Сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктерін айқын танытатын көшпенді тірліктің таным көкжиегін барынша кеңейткен табиғи мүмкіндіктерін таныта білген жыраулар поэзиясының қоры мен сырын, мәні мен маңызын, талабы мен талғамын жете ашып көрсетуі М.Мағауиннің жалпы қазақ әдебиеттану саласын жаңа сатыға көтеруіне де негіз болғаны хақ» [3, 84].

Қорытынды

М. Мағауиннің «Мен» мемуары фольклорлық сипатқа ие: мәтін ауызекі тіл маркерлеріне, халықтық мотивтерге, рефрендер мен қайталамаларға бай және автордың жинақтаушы позициясы айқын көрінеді. Осы арқылы Мағауинді зерттеушілер мен әдебиеттанушылар дәстүрлі «жазушы» категориясынан әлдеқайда кеңірек — «жазушы-фольклорист» ретінде бағалауға мүмкіндік бар. Бұл автордың шығармашылығын ұлттық мәдени жадты сақтаушы және жүйелеуші ретіндегі жаңа талдау ракурсын береді.

М.Мағауиннің «Мен» романы – қазақ әдебиетінде мемуар жанрын жаңа биікке көтерген, ұлттық рухани болмысты терең танытқан туынды. Шығармадағы фольклорлық элементтер – аңыз-әңгімелер, эпос үлгілері, шежірелік деректер, мақал-мәтелдер, жыраулар толғауы, ертегілік қиял, жоқтау мен бата дәстүрі – жазушының ұлттық жадпен, халықтық дүниетаныммен етене байланысын айқындайды.

Әдеби ортадағы сыншылардың пікірлері де Мағауин мемуарының қазақ прозасындағы ерекше орнын, оның халықтық дәстүрді көркемдікпен тоғыстырған жаңа құбылыс екенін дәлелдейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Мен.– Алматы: Гауһар, 1998. – 460 б.
2. Жұртбай Т. Бейнет сусыны.– Алматы: Хантәңірі, 2016. – 380 б.
3. Пірәлі. Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005). - Алматы: Қазақ университеті, 2016.-309 б.